

ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ
ПРИКЛАДНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ
APPLIED LINGUISTICS

Мақала

FTAMP 16.31.41

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-140-149>

Б.С. Карагулова,¹  **С.С. Мухтарова,²**  **Р.К. Койлыбаева³** 

¹автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: bkaragulova@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: sandymukhtarova@mail.ru

³философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: 007_raushan@mail.ru

АУДАРМАДАҒЫ СӨЗ ТАҢДАУ (ТРАНСФОРМАЦИЯ) МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Аударма – шығармашылық үдеріс ретінде көркемдік дәлдікті, сәйкестікті жеткізудің нәтижесі. Бір ұлттың екінші ұлтпен, бір мәдениеттің екінші мәдениетпен байланысы рухани деңгейде аудармада көрініс табады. Халық танымындағы қалыптасқан ақпарат, тұрмысында түйген, санадағы қалыптасқан ұғымдар аудармада қалай сипатталатынын анықтау – аударматану саласында өзекті мәселе. Себебі бүгінгі жаһандану кезеңінде мәдениетаралық қатынастың аударма барысында көрініс табуы тіл білімінің дамуын көрсетеді. Сонымен бірге аударма ұлтты таныстырудың негізгі құралы деп анықталатындықтан аударылатын шығармада мәдени ерекшеліктер барынша толық жеткізілуі керек. Дегенмен көркем мәтіннің негізінде жазушының шығармашылық әлемі, ұлттық көзқарасы, әдеби дәстүр көрінетіндіктен, аударма барысында қиындық туындайды. Осы тұрғыда толыққанды аударма болу үшін аудармашы өз тарапынан өзгерістер енгізеді. Ал осы өзгерістер трансформациялар деп аталады. Трансформация түрлерін қолдану аударма сапасын арттыра түседі.

Осы бағытта қазақ халқының бар болмысын суреттеген тарихи шығармалардың бірі І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының орыс, ағылшын тілдеріне аударылу жолдарын зерттеу, сөз таңдау түрлерін анықтау, трилогиядан эмпирикалық материалдар іріктеліп, аударылу барысында пайдаланылған трансформациялардың жолдарын анықтап, ерекшеліктерін зерттеу – аталған мақаланың басты мақсаты.

Ғылыми мақаланы жазу барысында төмендегідей әдіс-тәсілдер қолданылды: сипаттау, салыстыру, салғастыру, лексикографиялық, эмпирикалық, когнитивтік, этнолингвистикалық және концептуалдық. Осының негізінде нәтижелері талқыланып, нақты қорытындылар беріледі. Мақаланың теориялық-практикалық маңызы – магистранттар мен докторанттар және ғылыммен айналысатын жастар ғылыми жұмыстарына практикалық және теориялық материал ретінде кеңінен пайдалана алады. Сонымен қатар филология бағытында білім алушыларға лексикология, аударма теориясы мен практикасы, лингвомәдениеттану, салғастырмалы грамматика пәндері бойынша практикалық сабақтарда материал ретінде қолдануға болады.

Тірек сөздер: көркем аударма, трансформация, реальный сөздер, «Көшпенділер» трилогиясы, мәдениет.

Б.С. Карагулова,¹ **С.С. Мухтарова,²** **Р.К. Койлыбаева³**

¹автор-корреспондент, кандидат филологических наук, доцент,
Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актөбе,
e-mail: bkaragulova@mail.ru,

²кандидат филологических наук, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
Казахстан, г. Актөбе, e-mail: sandymukhtarova@mail.ru

³доктор философии (PhD), Казахский национальный педагогический университет
имени Абая, Казахстан, г. Алматы, e-mail: 007_raushan@mail.ru

ВОПРОСЫ ТРАНСФОРМАЦИИ В ПЕРЕВОДЕ

Аннотация. Перевод является важным инструментом в коммуникации между разными культурами и этносами. Перевод помогает сблизить, найти точку соприкосновения даже не в родственных языках. Также хотелось бы отметить, что перевод можно сравнить с ковром, где с одной стороны узор ярко выраженный и с другой стороны менее заметен узор. Целью переводчика является сохранить с двух сторон одинаковый узор, передать

национальную специфику переводящего языка. Наиболее трудным видом перевода считается художественный перевод, так как писатель не только описывает всю историю события, но также вкладывает душу в произведение, ведь это детище писателя. В связи с этим затрудняется работа переводчика, так как переводчик должен не только изложить суть произведения, но и в полной красе донести до читателя всю национальную специфику языка. В нашем исследовании мы сделали попытку проанализировать переводческие трансформации, какие из них наиболее эффективные при переводе художественного произведения. За основу нами был выбран роман-трилогия И.Есенберлина «Кочевники». Целью нашего исследования является определить приемы трансформации безэквивалентной лексики казахского языка на русский и английский языки. Научная значимость статьи заключается в комплексном анализе факторов перевода при трансформации казахских этнокультурных единиц на русский и английский языки. При написании научной статьи использовались следующие методы: описание, сравнение, сопоставление, эмпирический, когнитивный, этнолингвистический и концептуальный. Актуальность статьи заключается в выборе эмпирического материала из трилогии, выявлении способов трансформаций, используемых при переводе, и изучении их особенностей. На основании этого обсуждаются результаты и даются конкретные выводы. Практическая значимость статьи связана с приобретением практических и теоретических навыков для будущей научной работы магистрантами, докторантами и молодыми учеными, занимающимися наукой. Кроме того, материалы исследования можно использовать на практических занятиях по предметам Лексикологии, Теория и практика перевода, Лингвокультурология для студентов-филологов.

Ключевые слова: художественный перевод, трансформация, слова реалии, трилогия «Кочевники», культура.

B. Karagulova,¹ S. Mukhtarova,² R. Koilybayeva³

¹Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, docent,

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Kazakhstan, Aktobe, e-mail: bkaragulova@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, K. Zhubanov Aktobe Regional University,
Kazakhstan, Aktobe, e-mail: sandymukhtarova@mail.ru

³Doctor of Philosophy (PhD), Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: 007_raushan@mail.ru

TRANSFORMATION ISSUES IN TRANSLATION

Abstract. Translation is an essential tool in communication between various cultures and ethnics. Translation helps to bring people closer together, to find the point of contact even in non-related languages. It is important to highlight that the translation is as a carpet where from one side the pattern is brighter than another side of the carpet. The purpose of the translator is to try to keep the same patterns on both sides, to convey the national identity of the target language. The literary translation is the most challenging type of the translation, as the translator does not only describe the story of the event, besides the translator puts the soul on the work, since the artist gives birth to this piece of art. In this regard, the work of the translator becomes more difficult, whereas the translator must not only present the translation in another language, but also conveys to the recipients all the national identity. In our research, we made an attempt to analyze the translational transformations, and which of them are more effective in the literary translation. Our study is based on the novel-trilogy “The Nomads” of I.Yesenberlin. The purpose of our research is to determine the transformation methods of Kazakh non-equivalent vocabulary into Russian and English languages. The following methods were used in the research: description, comparison, contrast, empirical, cognitive, ethnolinguistic and conceptual. The relevance of the article lies in the selection of empirical material from the trilogy, identifying the methods of transformation used in translation, and studying their features. Based on this, the results are discussed and specific conclusions are given. The practical significance of the article is related to the acquisition of practical and theoretical materials for future scientific work by undergraduates, doctoral students and young scientists. In addition, it can be used in practical classes in the subjects of Lexicology, Theory and Practice of Translation, Linguo-cultural Studies for philology students.

Keywords: literary translation, transformation, realia words, “The Nomads” trilogy, culture.

Кіріспе

Аударма арқылы өзге бір халықтың көркем туындысын өз тілінде қабылдап, түсініп, әдеби шығармамен сусындайды. Сонымен бірге аударма арқылы мәдениеттер мен жетістіктер, тәжірибелер алмасып, екі мәдениеттің рухани деңгейде тоғысуын көрсетеді. Сондықтан көркем әдебиетті аудару – шығармашылық көзқарасты талап ететін күрделі жұмыс. Әдеби шығармалардағы барлық оқиға, шындық көркем және эстетикалық таным арқылы жүзеге асырылады. Халықтың мәдениетінің ажырамас бөлшегі саналатын ұлттық сенімдер, көзқарастар, этномәдени дүниетаным негізінде қалыптасқан тілдік бірліктер өзге тілде мүлдем кездеспейді. Осы орайда баламасыз лексикалардың лингвомәдениеттану сипатынан ғана емес, көркем аудармадағы көрінісін қарастырудың маңыздылығы артады. Баламасыз лексиканы көркем

шығармада анықтап, аударылу тәсілдерін қарастыру зерттеу өзектілігін көрсетеді. Көркем аудармада баламасыз лексика түрлі әдістер мен стратегиялар арқылы жүзеге асады. Осылайша мақала мазмұнының өзектілігі белгілі бір ұлтқа ғана тән лексикалардың көркем аудармадағы аударылу мәселесінде айқын көрінеді. Аударма барысында түпнұсқа тілінде баяндалған мәтінді өзге тілге жеткізу үшін екінші мәтін жасалады және ол түпнұсқа тілдегі барлық белгілі бір халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктерін, тарихын, болмысы мен танымын толық жеткізуі керек. Ал жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер әртүрлі трансформациялар арқылы жүзеге асырылады. Көркем аудармада сөз таңдау тәсілдері – трансформациялар ерекше мәнге ие. Сондықтан ұлттық мәдени ерекшеліктер трансформация тәсілдері арқылы жүзеге асады десек, оларды зерттеп-зерделеу аударматану саласын дамытуға қатысты өзекті мәселе болып саналады деп есептейміз.

Қазіргі таңда көркем шығарма мәтіндерін қазақ тілінен орыс, ағылшын тілдеріне аудару барысында қолданылатын тілдік трансформация ерекшеліктеріне салыстырмалы-салғастырмалы әдістер арқылы талдаулар жасау арқылы көркем шығарма тілін жан-жақты зерттеу қажеттілігі өзекті мәселелердің қатарында тұр. Заманауи аударматануда түпнұсқа мәтіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін жеткізу – басты мәселелердің бірі. Оқырман басқа мәдениет туралы дүниетанымын сол елдің шығармаларын оқу арқылы қалыптастырады, осыған орай аудармашылар шығарманы аударуда өз интерпретациясын ұсынады. Ал интерпретация трансформация мәселесімен тікелей байланысты. Толыққанды аударма болу үшін аталған мәселенің (сөз таңдау) маңыздылығы жоғары. Сондықтан мақала мақсаты – қазақ халқының бар ұлттық-мәдениеті көркемделген тарихи шығарманың бірі – І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының орыс және ағылшын тілдеріне аударылу жолдарын талдау болып табылады. Зерттеу нәтижелерін аударма саласына қатысты пәндерді оқытуда теориялық және практикалық материал ретінде пайдалануға болады.

Материал және әдістер

Зерттеу барысында аталған мәселеге қатысты маңызды пікірлерді қорытып, талдау барысында түсіндірме әдіс қолданылды. Сонымен бірге зерттеу нысаны ретінде алынған сөздердің мағыналарына талдау жасау барысында лексикографиялық әдіс арқылы сипаттау, когнитивтік, этнолингвистикалық және концептуалдық талдаулар жүргізілді. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне қатысты материалдардың ерекшеліктері мен сәйкестіктерін анықтау мақсатында салғастырмалы және сипаттамалы әдістер пайдаланылды. Сол сияқты шығарманың аударылу ерекшеліктеріне талдау жасау барысында трансформация тәсілдері қолданылды.

Мақалада аталған мәселеге қатысты теориялық материалды толықтыру мақсатында ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды, олардың ой-пікірлеріндегі сабақтастық пен ерекшеліктер анықталды. Бұл жерде түсіндірме тәсілдері қолданылды. Ал осы алынған теорияны практикамен сабақтастыру үшін нақты шығарма мәтіндерімен (түпнұсқа, аударма) жұмыс жасалды. Мәтіндегі сөздердің мағынасын нақтылау кезінде сөздіктермен жұмыс жасалды, бұл бағытта лексикографиялық әдіс қолданылды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ерекшеліктер мен ұқсастықтарды анықтау жолында әр тілдегі материалдар салғастырмалы әдіс арқылы талданды. Сонымен бірге белгілі бір тілде жазылған шығарманың басқа тілдерге аударылу сапасын анықтауда аударма тәсілдеріне талдау жасалды. Аталған әдіс-тәсілдерді қолдану шығарманы аудару барысында кездесетін басты мәселелерге талдау жасауға себін тигізеді, осы арқылы аудару кезіндегі проблемаларды анықтап, оны шешу үшін нақты тұжырымдар жасауға негіз болады.

Әдебиетке шолу

Аударма теориясында аудармаға қатысты трансформациялар бойынша біраз ғылыми еңбектер бар, атап айтар болсақ, В.Н. Комиссаров (1996), Л.К. Латышев (1981), А.В. Федоров (1983), А. Попович (1980), И.С. Алексеева (2010). Ал отандық ғалымдар арасынан А. Алдашева (2006), Б. Қарағұлова (2016), А.Қ. Жұмабекова (2012), Ж. Жақыпов (2004), Ж. Сәмитұлы (2005) сияқты ғалымдар еңбектерінде аудармадағы трансформация мәселесіне тоқталған. Мақалада жоғарыда көрсетілген ғалымдардың трансформацияға қатысты теориялық материалдарды қолдана отырып, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы мен оның аудармасына қатысты трансформация мәселесі алғаш рет қарастырылады.

Е. Бауыржанұлы тарихи прозаны аудару барысында тарихи фактілерді дұрыс синтездей алу керектігін айтады, яғни нақты этностың тілі мен мәдениетін қамтитын көркем шығармаларда сол халық жөнінде фондық білім болуы қажет. Аудармашының міндеті – тек лексика-семантикалық компонентті ғана жеткізу емес, сонымен қатар ұлттық-мәдени фондық элементті де дұрыс түсіндіру (Бауыржанұлы, 2023: 192).

Аударма теориясында зерттелуге тиісті маңызды мәселелерінің бірі – аудармадағы трансформациялардың қолданылу жолдарын анықтау. Л. Латышев, А.Л. Семенов, А.В. Федоров, А. Алдашева сияқты ғалымдар аудару барысында трансформациялардың пайда болуы түпнұсқа тіл мен аударма тілдерінің арасындағы айырмашылықтардың болуы себептерімен байланысты деген пікір айтады. Расында, тілдер арасында айырмашылықтардың болуы заңдылық, дегенмен аудару кезінде трансформацияларды орынды пайдалану, олардың қолданылу жолдарына талдау жасау арқылы аударма теориясына қатысты белгілі бір тұжырымдар жасауға негіз болады. Ғалымдардың ойынша, аударма трансформациялары екі үлкен топқа бөлінеді: құрылымдық-деңгейлік және мазмұндық. Құрылымдық-деңгейлік трансформация мәтін мазмұнын өзгертпейді, тек бірліктердің тілдік мәртебесіне ғана ықпалын тигізеді. Оларға морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және стилистикалық трансформациялар жатады (Комиссаров, 1990: 133-138).

Ғалымдар мазмұндық трансформацияға жағдаяттық-семантикалық трансформацияларды, экспликацияны (сипаттама аударма), түзетуді жатқызады, бұл тәсілдер мәтін мазмұнын өзгертуге тікелей ықпал етеді (Комиссаров, 1990: 141).

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің типологиялық айырмашылықтарының өзі – түрлі аударма трансформацияларының пайда болуының негізгі себептердің бірі. Аудару барысында сөз таңдаудың (трансформация) бірнеше тілдік түрлерін кездестіруге болады:

Стилистикалық трансформациялар – аударма бірліктерінің стилистикалық бояуының өзгеруі.

Морфологиялық трансформациялар – бір сөз таптарын келесі бір сөз таптарымен немесе бірнеше сөз табымен алмастыруы.

Синтаксистік трансформация – сөз және сөз тіркестерінің синтаксистік функцияларының өзгеруі. Аударма үдерісінде синтаксистік функцияның өзгеруі синтаксис құрылысының қайта құрылуымен беріледі: бағыныңқы сөйлемнің бір типі келесі типпен өзгертілуі.

Семантикалық трансформациялар суреттелген оқиға элементтері арасындағы түрлі себеп-салдарлық байланыстар негізінде жүзеге асады.

Лексикалық трансформациялар – тікелей сөздік сәйкестіктерінен ауытқушылық, яғни сөздікте берілген тікелей баламалардың орнын мағынасы жақын лексикамен ауыстыру. Лексикалық трансформациялардың ең басты ерекшелігі – түпнұсқа тілі мен аударма тіліндегі лексикалық бірліктер көлемінің сәйкес келмеуі (Қарағұлова, 2016: 52-53)

Грамматикалық трансформацияларға синтаксистік үйлесім, сөйлемдерді бөлу немесе бөлшектеу, сөйлемдерді біріктіру, грамматикалық алмастыру (сөз формасын, сөп таптары мен сөйлем мүшелерін) жатады. Ал кешенді лексика-грамматикалық трансформацияларға экспликацияны (сипаттама аударма), антонимдік аударманы және компенсацияны жатқызамыз.

Жоғарыда аталған барлық трансформациялар өзара сабақтасады, кез келген жағдайда классификацияға қарамастан, трансформациялар фонетикалық (дыбыс және әріп деңгейінде), лексикалық (лексема деңгейінде), грамматикалық (немесе синтаксистік – сөз тіркестері мен сөйлемдер деңгейінде) деп бөлінетіні белгілі.

Л.С. Бархударовтың пайымдауынша, түпнұсқа мәтіннің қандай да бір элементіндегі ауыстыруларды трансформация тәсіліне жатқызуға болады. Ғалымдар компенсация (өтеу, орнын толтыру) тәсілін түрлі категорияларға жатқызады. Мысалы, Я.И. Рецкер компенсацияны лексикалық трансформацияға жатқызса, В.Н. Комиссаров кешенді трансформацияға жатқызады. Сөйлемдерді біріктіру және бөлшектеу сияқты трансформацияларды Л.С. Бархударов ауыстыру тобына жатқызса, В.Н. Комиссаров грамматикалық өзгертулерге жатқызған. В.Н. Комиссаров транслитерация және транскрипция секілді тәсілдерді аударма трансформацияларына жатқызады. Ғалымдар бір құбылысты зерттесе де, әрбір ғалымның классификасы бір-бірінен

ерекшеленеді. Ал Б.С. Қарағұлова трансформация тәсілдеріне теориялық тұрғыдан талдау жасай отырып, оны практикалық тапсырмалармен сабақтастырады.

Нәтижелер және талқылау

I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын және оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларын талдау барысында жалпы 3173 түпнұсқа сөйлемі негізге алынып, 173 этномәдени лексикалық бірлік іріктелген болатын. Алайда мақала көлеміне сәйкестендіріп, бірнеше бірліктің аудармаларына ғана тоқталдық. Трилогияның орыс тіліндегі баламасын М. Симошко, ал ағылшын тіліне О. Чоракаев аударған. «Көшпенділер» трилогиясы Қазақ хандығының түрлі кезеңдерін сипаттайтын болғандықтан, аудармашылар алдында қазақ халқының өмірі, салты туралы бейнені толықтай жеткізу үшін этномәдени детальдарды толық аудару міндеті тұрды. Осы мәселені авторлардың бірі С.С. Мухтарова «Особенности безэквивалентности в лексическом пространстве казахского, русского, английского языков (на материале переводов художественной литературы)» тақырыбындағы диссертациясында жан-жақты толық қарастырып, нақты тұжырымдар жасайды.

Біз өзіміздің зерттеуімізде аудармашылардың қазақ тіліндегі баламасын орыс және ағылшын тілдеріне трансформация жасау барысында қаншалықты мағынасын дұрыс бере алғандығын және ұлттық колоритті де сақтай алғандығын қарастырамыз.

Енді осы трансформация түрлерінің аударма барысында жүзеге асуын нақты I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының аудармалары арқылы талдап көрейік.

Желкілдеген кілең ақ сеңсең *бөрік*, күнге шағылысқан көк құрыш найза суыт келеді (Есенберлин, 2014: 209) / Они казались ее порождением – в *высоких бараньих шапках* со свисающими на глаза космами (Есенберлин, 2015а: 274-275) / They seemed to have been born of it, each one wearing a *high sheepskin hat*, the strands of its fur trailing over their eyes (Yesenberlin, 2015а: 278).

Бұл мысалдағы «бөрік» сөзі тек қазақ халқына ғана тән реалий сөз. Реалий сөздер басқа ұлттың тұрмысында кездеспейтін болғандықтан, екінші тілдің тілдік бірлігінде оған сәйкес лексикалық бірліктер болмайды. Сондықтан аудару барысында осындай сөздер қиындықтар туғызатыны сөзсіз. Автор осы жағдайларда сөз таңдау әдістерін жан-жақты қолданады. Бұл жерде *бөрік* лексемасы сипаттама тәсілі арқылы аударылған. Аудармашылар реципиенттің назарын этномәдени лексикаға аудару мақсатында аталмыш баскіім үлгісінің формасы мен материалын сипаттап көрсеткен. *Шапка* және *hat* аудармалары *бөрік* лексемасының гипонимі болғандықтан, біздің ойымызша, берілген вестиялды лексикасының аудармасы дұрыс.

Нағашы туыстық атауы орыс тіліне *родственники матери*, ағылшын тіліне *relatives on the maternal side* және *mother's relatives* нұсқаларында аударылған: Арқадан келе жатқан жолаушымыз, Ырғыз бойындағы Табынға *нағашылап* барамыз (Есенберлин, 2014: 807) / Мы едем из Сары-Арки и направляемся к *родственникам моей матери* из рода Табын на берега Иргиза (Есенберлин, 2015б: 304) / We are heading from Sary-Arka for the banks of the river Irgiz. There live *relative of my mother* who belong to the tribe Tabyn (Yesenberlin, 2015б: 305). – «Жамантай аға сұлтанның елінен көрінеді, Ырғыз маңындағы *нағашыларымызға* бара жатырмыз дейді» (Есенберлин, 2014: 808) / «Оказались из аула самого Жамантая. Говорят, что едут в гости к *родственникам его матери*, которая будто бы проживает на Иргизе» (Есенберлин, 2015б: 306) / «They say they are from Zhamantai's aul and on the way to see their *mother's relatives*, who they say live on the River Irgiz» (Yesenberlin, 2015б: 306-307).

Бұл мысалдардан лакуна феноменін байқауға болады. *Нағашы* сөзі орыс және ағылшын тілдеріне лакуна болып келеді. Түсіндірме сөздіктегі анықтамасына назар аударайық: *Нағашы* – «шеше жағынан туысқан адамдар (родственники со стороны матери)» (Жанұзақов, 2008: 611). Аталмыш туыстық қатынасты аудару кезінде аудармашылар сипаттама аудармасын пайдаланған. Мысалдардан берілген туыстық қатынастың нақты атауы қазақ халқының мәдениетінде ғана орын алатынын байқап отырмыз. Қазақ халқы – бауырмал халық болғандықтан, үш жұртына ерекше тағзым етіп, әрбір туыстық қатынастарына атау берген халық. Біз *нағашы* лексикалық бірлігінің орыс және ағылшын тілдеріне сипаттама аударма арқылы аударылғаны өте дұрыс деп есептейміз.

Тақия вестиялды лексикасын талдап көрейік, Т. Жанұзақовтың түсіндірме сөздігінен *тақия* сөзіне келесідей анықтама табамыз: *тақия* – «кестелеп, сырып тігілген дөңгелек, жеңіл баскиім» (Жанұзақов, 2008: 775). Аталмыш лексема орыс және ағылшын тілдеріне екі түрлі аударма тәсілі арқылы берілген: транслитерация және сипаттама аударма.

Ал қыздары Орта жүздің қыздарындай аш белін қынар күміс белбеу, үкілі *тақияға* әуес емес (Есенберлин, 2014: 600) / А девушки носят плотно обтягивающие серебряные пояса и *тахию с перьями* – *разновидность тюбетейки* (Есенберлин, 2015б: 35) / Girls wore silver belts and *takhia (a kind of cap)* with feathers (Үесенберлин, 2015б: 35).

Аудармашы *тақия* лексемасын ағылшын тіліне аудару барысында транслитерация тәсілін пайдаланып қана қоймай, сипаттама аударма арқылы ағылшын тілі лексемасына бейімдеген. О. Чоракаев қазақ мәдениетінің элементін сақтап және ағылшын тілді ортаға түсінікті етіп жеткізе білген. Бұл трилогия тарихи-этнографиялық шығарма болғандықтан романның мазмұнын жеткізу кезінде *тақияның* қандай баскиім үлгісі екені маңызды, сондықтан аудармашы оқырманға сипаттама аударма арқылы *тақияға* анықтама беріп, реципиентке қазақ этномәдени лексикасын анық түсінуге мүмкіндік беріп тұр. Жеке *тақия* лексикалық бірлігінің өзге тілге аударылуын қарастыратын болсақ, екі тілдік аударма да барабарлық аудармаға жатады деп ойлаймыз.

Контекстуалды талдауға жүгінетін болсақ, орыс және ағылшын тіліне аудару барысында түпнұсқа мәтіні мүлдем өзгертілгенін аңғаруға болады. Аударма нұсқалары трансформацияға ұшырап, болымсыз мағынадағы сөйлем болымды реңке айналды, яғни, *әуес емес* тіркесі *носят* және *wore* (кию) деген қарама-қарсы мағынаға ұшырап тұр. Аудармашылар аталмыш мағынаны жеткізу барысында шендестіру тәсілін (антономический перевод) пайдаланған. Аудармашы осы тұста шендестіре аудару тәсілін ұтымды пайдаланып отыр. Шендестіру тәсілі түпнұсқа тіліндегі мағынаны аударма тілінде қарама-қарсы түсінікпен алмастырады, бірақ мағына өзгермейді. Бұл жағдайда түпнұсқа мәтінінің біртұтастығын сақтау мақсатында мәтін қайта құрылады. Осы жағдайды ескере отырып, шендестіру тәсілі, шын мәнінде, тек лексика-грамматикалық қана емес, сонымен қатар көп жағдайда стилистикалық трансформация құралы ретінде қарастырылады. Осыған байланысты аталған тәсіл көбінесе түпнұсқа мәтінінің мағыналық және стильдік реңктерін жеткізудің ең қолайлы және ыңғайлы тәсіліне айналады (Самарин, 2017: 161).

Келесі мысалдан да көптеген жағдайда транслитерация мен сипаттама аударма қатар жүретінін байқаймыз: Кәмшат *бөрік*, күміс тізген үкілі *сәукеле* (Есенберлин, 2014: 600) / Это все те же *шапки-саукеле: высокие, конусообразные, украшенные монетами, с пышными перьями филина* наверху (Есенберлин, 2015б: 35) / Those were the same *saukele hats: high, cone-formed hats, decorated with coins and the fluffy feathers of the eagle-owl on top* (Үесенберлин, 2015б: 34).

Сәукеле – «Қазақ қыздары ұзату тойында киетін оқалаған сәнді, әшекейлі баскиім» (Жанұзақов, 2008: 720). Бұл жердегі «аралас» аударма – сөздің мағынасы мен формасын оқырманға түсінікті болатындай қылып жеткізудің жалғыз тиімді тәсілі. Транслитерация арқылы *сәукеле* лексемасы қазақ халқында маңызды рөл атқаратынын білдірсе, сипаттама аударма оқырманға толық мазмұнын жеткізіп тұр. Дегенмен аудармашы *сәукелені* сипаттап, қандай бас киім екенін көрсеткенмен, оның тек негізгі қызметін, яғни тек ұзату кезінде киілетін бас киім екенін көрсетпеген. Түпнұсқа тілінде *сәукеленің* тек қыздың ұзатылу тойында ғана киетінін айтпаса да, жазбаса да белгілі, ал басқа ұлттың оқырманы үшін оны анықтап көрсету керек деп ойлаймыз.

Келесі талданатын лексемамыз – *тоқал*: Дәл осы сәтте Ақ Орданың есігі ашылып, үйге бүкіл Кіші жүзге аты шыққан әйгілі сұлу, Әбілқайырдың *кіші тоқалы* Нұрбике кербез кірді (Есенберлин, 2014: 409) / Со звоном растворилась створчатая дверь, и вошла *младшая жена* хана Абулхайра – знаменитая красавица Нурбике (Есенберлин, 2015в: 175) / The two-leafed door opened with jingle, and Abulkhair Khan's *junior wife*, the famous beauty by the name of Nurbike, entered the yurt (Үесенберлин, 2015в: 185). – *Тоқал-ай*, сыртқа шығып қонаққа шай қойғыз, қой сойдыр (Есенберлин, 2014: 686) / *Эй, тоқал!* – Он специально употребил это *пренебрежительное слово, означающее младшую жену*. – Сходи там, прикажи заколоть барана. И пусть побыстрее ставят самовар! (Есенберлин, 2015б: 161) / *Hey, tokal*, – he addressed her by the *derogatory word for*

a younger wife. – Tell them to slaughter a ram, and put the samovar on the fire, double quick (Yesenberlin, 2015b: 165).

Бірінші және екінші мысалдарда да *тоқал* – кіші әйел (*младшая жена; junior wife/ younger wife*) екендігі нақтыланып көрсетілген, екінші мысалда *пренебрежительное және derogatory (кемсітетін)* сын есімдері арқылы тоқалдың өзге әйелдер арасындағы орнын көрсетіп тұр. Ерте заманда қазақ еркектері бірнеше әйел алған, әйелдер арасындағы теңсіздікті қазақтың келесі мақалынан байқай аламыз: «Бәйбіше – құдай бұйрығы, тоқал – иттің құйрығы». Сонымен, *бәйбіше* ошақ иесі болса, *тоқал* бәйбішенің айтқанымен жүруге тура келген. Аудармашылар транслитерация мен қатар аялық (фондық) мағынаны сақтау мақсатында сипаттама аудармасын да қолданған.

Қазақ халқы көшпелі өмір сүрген: қысқы мезгілде *қыстауға* қоныс аударса, жазғы мерзімде *жайлауда* тіршілік еткен. *Жайлау* аудармасын қарастырып көрейік: Оның үстіне негізгі кәсібі мал бағу болған, әр аулы әр бөлек қонған монғол шонжарларына қыс – *қыстау*, жаз – *жайлау* жетпей, елге қоныс, малға өріс тапшылығы тағы бір пәле болды (Есенберлин, 2014: 292) / Неустанно и беспощадно теснимые китайскими войсками, они теряли свои *древние пастбища* – *джайляу* и вынуждены были в поисках новых *пастбищ* двигаться на запад (Есенберлин, 2015в: 11) / Constantly and mercilessly squeezed out by the Chinese army, they lost their *ancient pastureland* – *the dzhailyau* – and had to move west in search of new *pasturelands* (Yesenberlin, 2015в: 10). – Бұл ара қаржас руының ең шалғай *жайлауы* (Есенберлин, 2014: 586) / Здесь заканчивалось самое отдаленное *джайляу* – *пастбище рода* қаржас (Есенберлин, 2015б: 17) / That was the end of the most remote *dzhailyau* – *the pastureland* of the Karzhas kin (Yesenberlin, 2015б: 17).

Аудармашылар бұл мысалдарда сипаттама аударма арқылы ежелгі өріс екендігін анықтайды, бірақ екі мысалда да жайлау жазғы өріс екендігі көрсетілмеген. Сондықтан біз бұл толыққанды (адекватный) аударма деп есептей алмаймыз. *Жайлау* лексикалық бірлігін аудару барысында халықтың жазғы уақытында қоныстанатын өрісі екендігін анықтап көрсеткен жөн болар еді.

Киіз үй элементі *шаңырақтың* қаншалықты дұрыс аударылғанын талдап көрейік: Абылай *шаңырақтан* көзін алмай, бозарып келе жатқан таңға қарап ұзақ отырды (Есенберлин, 2014: 547) / Откинув голову, он долго смотрел в светлеющее небо сквозь *круглое отверстие в потолке* (Есенберлин, 2015в: 345) / He stared at the brightening sky through the *round hole in the ceiling* (58, 351). – *Шаңырағы* жерге түскен ақ отау, қараша үйлер (Есенберлин, 2014: 803) / *Шанраки* – *деревянные купола* – были в большинстве обрушены на землю (Есенберлин, 2015б: 302) / Most of their *wooden domes*, better known as *shanracks*, lay crashed on the ground (Yesenberlin, 2015б: 302).

Бірінші мысалда *шаңырақ* лексемасының формасы (*круглое отверстие, round hole*), екінші мысалда қандай материалдан жасалғандығы (*деревянные купола, wooden domes*) суреттеледі. Түрлі нұсқаларды пайдалану кезінде оқырман шатасып кету мүмкіндігі туындайды, сондықтан, біздің ойымызша, шығарма басында транслитерацияланып, түсіндірмесі сілтемеде немесе қасында берілген жөн болар еді. Бірінші мысалда *шаңырақ* лексемасының формасын ғана сипаттау кезінде ұлттық колорит сақталмаған, жай ғана оқырманға түрін түсіндіруге тырысқан.

Көркем шығарманы аудару кезінде аудармашылар оқырманға түпнұсқа мәтінінің рухы мен мәдениетін барынша толық жеткізуге тырысулары қажет екендігін есте ұстаған жөн.

Келесі лексикалық лексема – *барымта*: Екіншісі – кісі өлімі, *барымта*, үкіметке бағынбау тәрізді ауыр күнәлар (Есенберлин, 2014: 580) / Зато убийства, насильственный *угон скота* – *барымта*, неповиновение властям и другие тяжкие преступления разбирались во второй ступени – окружными приказами (Есенберлин, 2015б: 11) / But murders, the *stealing of the cattle* (“*barytma*”), disobedience to the authorities, and other serious crimes were considered at the second level by the district office (“*prikaz*”) (Yesenberlin, 2015б: 11).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *барымтаға* келесідей анықтама беріледі: «Кектеніп жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін күшпен тартып алуы» (ҚТТС, 1976: 109). Н.М. Рсалиева «Қазақ онимдерін ағылшын тілінде транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері» атты зерттеуінде аудармашылар реалий сөздерді аудару барысында бір ұлттың болмысына зақым келтіріп алмайтындай сақтықпен аударуы қажет екендігін атап айтады, яғни,

мәдениетаралық қарым-қатынаста «компромисс» табу үшін транслитерация мен сипаттама тәсілді бірге алып жүру керектігінің маңыздылығын нақтылайды (Рсалиева, 2012: 121). Біз аудармашы реципиентке денотат мағынасын толықтай түсінуді жеңілдету мақсатында сипаттама аударманы пайдаланды деп ойлаймыз. Сонымен қатар аудармашы ұлттық ерекшелікті сақтау негізінде жақша ішінде транслитерация нұсқасын да көрсеткен. Осы екі тәсілді пайдалана отырып, аудармашылар аталмыш лексикалық бірлікті орыс және ағылшын тілдеріне аудару барысында рационалды шешім тапты деген пікір білдіреміз.

Қорытынды

І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында пайдаланылған лексика-грамматикалық трансформацияларды талдай отырып, төмендегідей қорытындылар жасалды:

1) аударма бір мәдениеттің екінші мәдениетпен жақынырақ танысуының бір әдісі ретінде танылады.

2) түпнұсқа және аударма тілдерінің құрылымындағы, тілдік заңдылықтарындағы өзгешеліктер, заттық жағдаятты суреттеу тәсілдерінің өзгешеліктері және стилистикалық факторлар, нақты бір ұлтқа ғана тән реалий сөздер – аудару барысында трансформация түрлерін қолдануға себепші жайттар.

3) зерттеу жүргізу барысында аударма үдерісінде трансформациялардың аралас түрлері де болатынын аңғардық, әртүрлі трансформациялар қатар қолданылып, үйлесімді жүйеде толыққанды аударма туындаған. Мысалы, орын тәртібін өзгерту алмастырулармен, грамматикалық өзгерістер лексикалық алмастырулармен, транслитерация мен сипаттама тәсілі қатар қолданылған.

4) аудармашылар шығарма мазмұнын аудару барысында көптеген жетістіктерге жеткен, дегенмен талдау жасау барысында автор стилінің және әңгіме логикасының бұрмаланған жерлерін аудару барысында қателіктердің де кеткенін байқауға болады. Мысалы, *жырау* лексикалық бірлігі *печец* деп аударылған. Ал қазақ тілінде *печецтің әнші* деген баламасы бар және жырау мен әншінің өзара тағы айырмашылығы бар екені белгілі. Дегенмен бұл жерде мағынасын жуықтатып, гипонимиялық тәсіл арқылы беріліп тұр.

5) зерттеу барысында шығарманың, алдымен орыс тіліне, кейін ағылшын тіліне аударылғаны байқалды. Бұл шығарманы әр тілге аударған сайын түпнұсқа тілдегі ұлттық колориттің біртіндеп азаюына әкеледі деген пікірді нақтылай түседі.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін тарихи көркем шығармалардың аудармасын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі бұндай бағыттағы зерттеулерді жүргізу арқылы аудармадағы басқа тәсілдердің түрлерін анықтауға болады. Сондықтан аударма тәсілдері арқылы осындай шығармалардың өзге ұлт оқырмандарына қандай деңгейде аударылып жатқанын анықтау, зерттеу, талдау жасау жұмыстары үздіксіз жасалу керек деген ойдамыз.

Әдебиеттер

Бауыржанұлы Е., Ашимханова С. А. (2023). Роль фоновых знаний в сохранении смыслового единства текста в художественном переводе: на примере трилогии И. Есенберлина «Кочевники». – *Keruen*, 80(3). – С. 189-199.

Комиссаров В.Н. (1990) Теория перевода (лингвистические аспекты). Учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. – М.: Высш. шк. – 1990. – 253 с.

Есенберлин И. (2014) Көшпенділер. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2014. – 896 б.

Есенберлин И. (2015) Кочевники: Ист. трилогия / Пер. с казах. М. Симашко. – Алма-Ата: Жазушы, 1986. – Кн. 1. Заговоренный меч. – 224 с.

Yesenberlin I. (2015) The Nomads: a novel-trilogy/transl. from Russian by O. Chorakaev. – Almaty: Association of publishers, printers and booksellers, 2015. – Book 1: The Charmed Sword. – 380 p.

Есенберлин И. (2015) Кочевники: роман-трилогия. Пер. с каз. М. Симашко / И. Есенберлин. – Алматы: Ассоциация издателей, полиграфистов и книгораспространителей, 2015. – Книга 3. Хан Кене: – 380 с.

Yesenberlin I. (2015) The Nomads: a novel-trilogy / transl. from Russian by O. Chorakaev. – Almaty: Association of publishers, printers and booksellers, 2015. – В. 3: Khan Kene. – 380 pgs.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 986 б.

Есенберлин И. (2015) Кочевники: роман-трилогия / Пер. с каз. М. Симашко. – Алматы: Ассоциация издателей, полиграфистов и книгораспространителей, 2015. Кн. 2: Отчаяние: – 380 с.

- Yesenberlin I. (2015) *The Nomads: a novel-trilogy*/ transl. from Russian by O. Chorakaev. – Almaty: Association of publishers and booksellers, 2015. – Book 2: *Despair*. – 380 pgs.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. (1976) 2-том. Б-Г. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976. – 695 б.
- Миньяр-Белоручев Р.К. (1996) *Теория и методы перевода*. – Москва: Московский лицей, 1996. – 208с.
- Латышев Л. К. (1981) *Эквивалентность перевода и способы ее достижения*. – Москва: «Международ. отношения», 1981. – 248 с.
- Федоров А.В. (1986) *Основы общей теории перевода (Лингвистический очерк)*. – Москва: Издательство Высш. школа, 1986. – 395 с.
- Попович А. (1980) *Проблемы художественного перевода*. – Москва: Высшая школа, 1980. – 199 с.
- Алексеева М.Л. (2010) *Реалии в художественном тексте: проблемы перевода и опосредованного анализа* / М.Л. Алексеева // *Русский язык и культура в зеркале перевода: матер. II междунар. науч.-практ. конф. к 150-летию юбилею А.П. Чехова*. – М.: Высшая школа перевода, МГУ, 2010. – С. 22-29.
- Алдашева А. (2006) *Аударматану (лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер)*. – Алматы: Арда, 2006. – 243 б.
- Қарағұлова Б.С. (2016) *Аударманың теориясы мен практикасы*. – Алматы: Ғылым ордасы, 2016. – 154 б.
- Жұмабекова А.Қ. (2010) *Аударматанудың негіздері*. – Алматы: Тау Самал, 2010
- Жақыпов Ж. (2004) *Аударматанудың аңдату*. – Алматы: InnoPress, 2004. – 102 б.
- Сәмитұлы Ж. (2005) *Аударманың теориясы мен практикасы*. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 272 б.
- Мухтарова С.С. (2018) *Анализ перевода казахской безэквивалентной лексики (на материале трилогии И. Есенберлина «Кочевники»)*. – Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. – Серия Филология. – №4 (125). – 2018. – С.102-107.
- Самарин Д.А. *Антонимический перевод как особый переводческий приём*. – Филологические науки. Вопросы теории и практики. 2017(11-1 (77)). – С.158-61.
- Рсалиева Н. М. (2012) *Қазақ ономастикалық атауларын ағылшын тілінде транслитерациялау ережесі (ЖОБА)*. // TILTANYM Учредители: Институт языкознания имени А. Байтұрсынова, 2015(1). – 112-125 бб.

References

- Bauyrjanuly E., Ashimhanova S. A. (2023) *Rol fonovych znaniy v sohraneniі smyslovogo edinstva teksta v hudojstvennom perevode: na primere trilogii I. Esenberlina «Kochevniki»*. – Keruen, 80(3). – S. 189-199. [Bauyrzhanuly E., Ashimkhanova S.A. (2023) *The role of background knowledge in preserving the semantic unity of the text in literary translation: using the example of I. Yesenberlin's trilogy "The Nomads"*. – Keruen, 80(3). – P.189-199] (in Russian)
- Komissarov B.N. (1990) *Teorija perevoda (lingvisticheskie aspekty). Uchebnik dlja in-tov i fak. inostr. jazykov*. – Moskva: Vysshaja skola, 1990. – 253 s. [Komissarov V.N. (1990) *Translation theory (linguistic aspects)*]. Textbook for the foreign language faculty. – Moscow: Vysshaja shkola, 1990. – 253 p.] (in Russian)
- Esenberlin I. (2014) *Koshpendiler*. – Almaty: Koshpendiler baspasy, 2014. – 896 b. [Yesenberlin I. (2014) *The Nomads*. Almaty: The Nomads, 2014. – 896 p.] (in Kazakh)
- Esenberlin I. (2015) *Kochevniki: ist. trilogija / Per. s Kazakh. M.Simashko*. – Alma-Ata: Zhazushy, 1986. – Kn.1 – *Zagovorenyj mech*. – 224 s. [Yesenberlin I. (2015) *The Nomads: historical trilogy / Translated from Kazakh by M.Simashko*. – Alma-Ata: Zhazushy. – Book 1: *The Charmed Sword*. – 224 p.] (in Russian)
- Yesenberlin I. (2015) *The Nomads: a novel-trilogy*/ transl. from Russian by O. Chorakayev. – Almaty: Association of publishers, printers and booksellers, 2015. – Book 1: *The Charmed Sword*. – 380 p. (in English)
- Esenberlin I. (2015) *Kochevniki: roman-trilogija. Perevod s Kazakh M.Simashko / I. Esenberlin*. – Almaty: Associaciya izdatelej, poligrafistov i knigorasprostranitelej, 2015. – Kniga 3: *Khan Kene*. – 380 s. [Yesenberlin I. *The Nomads: novel-trilogy*. Translated from Kazakh by M. Simashko / I. Yesenberlin. – Almaty: Association of Publishers, printers and booksellers, 2015. – Book 3: *Khan Kene*. – 380 p.] (in Russian)
- Esenberlin I. (2015) *The Nomads: a novel-trilogy / transl. from Russian by O. Chorakayev*. – Almaty: Association of publishers, printers and booksellers, 2015. – B. 3: *Khan Kene*. – 380 pgs. (in English)
- Qazaq tilining tusindirme sozdigi / Zhalpy redakcijasyn basqargan T. Zhanuzaqov. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 986 b. [Explanatory dictionary of Kazakh language / Managed the entire editing by T. Zhanuzakov. – Almaty: Dike-Press, 2008. – 986 p.] (in Kazakh)
- Esenberlin I. (2015). *Kochevniki: roman-trilogija / Perevod s Kazakh M.Simashko*. – Almaty: Associaciya izdatelej, poligrafistov i knigorasprostranitelej, 2015. Kn.2: *Otchajanie*. – 380 s. [Yesenberlin I. *The Nomads: novel-trilogy*. Translated from Kazakh by M.Simashko / I. Yesenberlin. – Almaty: Association of Publishers, printers and booksellers, 2015. – Book 2: *Despair*. – 380 p.] (in Russian)
- Yesenberlin I. (2015) *The Nomads: a novel-trilogy*/ transl. from Russian by O. Chorakayev. – Almaty: Association of publishers and booksellers, 2015. – Book 2: *Despair*. – 380 pgs. (in English)
- Qazaq tilining tusindirme sozdigi (1976) 2-том. Б-Г. – Алматы: Gylym baspasy, 1976. – 695 б. [Explanatory dictionary of Kazakh language. 2 volume. B-G. – Almaty: Gylym, 1976. – 695 p.] (in Kazakh)
- Миньяр-Белоручев Р.К. (1996) *Теория и методы перевода*. – М.: Московский лицей, 1996. – 208 с. [Миньяр-Белоручев Р.К. *Theory and methods of translation*. – М.: Moscow lyceum, 1996. – 208 p.] (in Russian)
- Latyshev L.K. (1981) *Jekivalentnost perevoda i sposoby ee dostizhenija*. – Moskva: Mezhdunar. otnoshenija, 1981. – 248 s. [Latyshev L.K. *Translation equivalent and ways of achieving*. – Moscow: International relationship, 1981. – 248 p.]

(in Russian)

Fedorov A.V. (1986) Osnovy obshej teorii perevoda (Lingvisticheskij ocherk). – Moskva: Izd. Vysshaja shkola, 1986. – 395 s. [Fedorov A.V. The basics of general theory of translation (Linguistic essay). – Moscow: Publisher High school, 1986. – 396 p.] (in Russian)

Popovich A. (1980) Problemy hudozhestvennogo perevoda. – Moskva: Vyschaja shkola, 1980. – 199 s. [Popovich A. The issues of literary translation. – Moscow: High school, 1980. – 199 p.] (in Russian)

Alekseeva M.L. (2010) Realii v hudozhestvennom tekste: problemy perevoda I sopostavitelnogo analiza / M.L. Alekseeva. – Russkij jazyk I kultura v zerkale perevoda: mater. II mezhdunar. nauchno-prakt. konf. K 150-letnemu jubileju A.P. Chehova. – Moskva: Vysshaja shkola perevoda, MGU, 2010. – S.22-29. [Alekseyeva M.L. Realia in literary text; translation problems and comparative analysis / M.L. Alekseyeva. – Russian language and culture in translation mirror: materials of II international scientific-practical conference dedicated to 150 years of A.P. Chekhov. – Moscow: Translation High school, MSU, 2010. P. 22-29] (in Russian)

Aldasheva A. (2006) Audarmatanu (lingvistikalıyq zhane lingvomadeni maseleler). – Almaty: Arda, 2006. – 243 b. [Aldasheva A. Translation Studies (Linguistic and lingua-cultural issues). – Almaty: Arda, 2006. – 243 p.] (in Kazakh)

Karagulova B.S. (2016). Audarmanyng teoriyası men praktikasy. – Almaty: Gylym ordasy, 2016. 154 b. [Karagulova B.S. Theory and practice of translation. – Almaty: Gylym ordasy, 2016. – 154 p.] (in Kazakh)

Zhumabekova A.K. (2010) Audarmatanudyng negizderi. – Almaty: Tau samal, 2010. [Zhumabekova A.K. The basics of translation studies. – Almaty: Tau samal, 2010].

Zhakypov Zh. (2004) Audarmatanudy angdatu. – Almaty: InnoPress, 2004. – 102 b. [Zhakypov Zh. Translation Studies. – Almaty: InnoPress, 2004. – 102 p.] (in Kazakh)

Samituly Zh. (2005) Audarmanyng teoriyası men praktikasy. – Almaty: Qazaq universiteti, 2005. – 272 b. [Samituly Zh. Theory and practice of Translation. – Almaty: Kazakh University, 2005. – 272 p.] (in Kazakh)

Muhtarova S.S. (2018) Analiz perevoda kazahskoj bezekivalentnoj leksiki (na materiale trilogii + I. Esenberlina “Kochevniki”). – Vestnik Evrazijskogo nacionalnogo universiteta imeni L.N. Gumileva. – Seriya Filologija. – №4(125). 2018. – S. 102-107. [Mukhtarova S.S. Translation analysis of Kazakh non-equivalent vocabulary (on the materials of I. Yesenberlin trilogy “The Nomads”). – Bulletin of L.N. Gumilev Eurasian National University. – Series Philology. – №4 (125). – 2018. – P. 102-107] (in Russian)

Samarin D.A. Antonymous translation as a special translation technique. – Philologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – 2017 (11-1 (77)). – P. 158-610 (in English)

Rsalieva N.M. (2015) Qazaq onomastikalıyq ataularyn agylshyn tilinde transliteracijalau erezhesi (ZhOBA) [Rsalieva N.M. (2015) Scientific-theoretical bases for transliterating Kazakh onomastic names in the English language. – Tiltanym. 2015(1). – P. 112-125] (In Kazakh)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 17.11.2023